

Карасай ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 08 қыркүйектегі № 34-7 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылды 17 қазанда № 2871 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 тамыздағы № 7-4 шешімімен

Күші жойылды – Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 17.08.2016 № 7-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Укіметінің қаулысына сәйкес, Қарасай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қарасай ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және ұлтаралық қатынастар жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының кезектен тыс

34-ші сессиясының торагасы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

M. Ахметов

E. Қалиев

көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының тізбесін
айқындаудың Қағидаларын бекіту
туралы" Қарасай аудандық
мәслихатының
2014 жылғы "08" қыркүйек № 34-7
шешіміне қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың
Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23
қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және
өзін-өзі басқару туралы" Занына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның
мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21
мамырдағы №504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес
әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін
белгілейді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:
 - 1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар
және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;
 - 2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты
әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау
бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар
қала) әкімнің шешімімен құрылатын комиссия;
 - 3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Алматы облысының статистикалық органдар
есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға
қажетті ең төмен ақшалай кіріс;
 - 4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік
мереке күндері;
 - 5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы –
отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;
 - 6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде

бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын, әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), қаладағы ауданның халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы органды;

8) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеу жөніндегі орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық қоғамдық мемлекеттік қызметтердің қызметкерлерінің;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде жергілікті атқарушы орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет) көрсетіледі.

6. Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндердің тізбесі:

- 1) 15 ақпан – Ауғаныстаннан кеңес әскерін шығарған күні;
- 2) 26 сәуір - Чернобыль апатының күні;
- 3) 9 мамыр – Женіс күні.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесі және шекті мөлшерлері :

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 76 айлық есептік көрсеткіш;

2) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға тәңестірілген адамдар – 26 айлық есептік көрсеткіш;

3) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына мүгедектеріне тәңестірілген адамдар – 26 айлық есептік көрсеткіш;

4) женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына тәңестірілген адамдардың басқа да санаттары – 26 айлық есептік көрсеткіш;

5) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтар - 5 айлық есептік көрсеткіш;

6) Қазақстан Республикасының жоғары білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінің оқу ақысын төлеу үшін, әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген, жан басына шаққандағы орташа табысы, өтініш жасалған тоқсанның алдындағы облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын, отбасы құрамында студенттері бар аз қамтылған отбасыларға, табыстарын есепке алмай жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражан шегінде – 500 айлық есептік көрсеткіш;

7) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтірілгенде - 200 айлық есептік көрсеткіш.

Бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде байланыс қызметін (абоненттік төлем), қатты отын шығындарын, коммуналдық қызметтер шығындарын төлеуге Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, табыстарын есепке алмай, ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейіне бір еселік қатынаста шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде әлеуметтік көмек алушылардың санатының тізбесін басшылыққа алады.

8. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшері Алматы облысының жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша бірыңғай мөлшерде белгіленеді.

9. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы

комиссия айқындаиды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

10. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйым не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша жергілікті атқарушы орган бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

11. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді (бұдан әрі - Үлгілік қағида);
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын құжатты және немесе актіні.

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімі - үш ай.

12. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

13. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

14. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағиданың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындаиды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық әкіміне жібереді.

Ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

15. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

16. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

17. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен қүннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

18. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен қүннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

19. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген қүннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 15 және 16-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған қүннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган шешім қабылдаған қүннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

21. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

23. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

22. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асыралады.

23. Әлеуметтік көмек төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы алушылардың банктік шотына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер

24. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

25. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ереже

26. Әлеуметтік көмек көрсетеу мониторингі мен есепке уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

27. Осы Қағидалармен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.